

Жария сервитут белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 30 қарашадағы № 162 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 5 желтоқсанда № 4822 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 17 бабының 1-1) тармақшасына және 71-1 бабының 2 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 31 бабының 1 тармағы 10) тармақшасына сәйкес және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт негізінде, Қазығұрт ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес "Батсу-Водоканал" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "№ 3 участкесі" участкесінде кірпіш өндірісіне қажетті саздақты барлау үшін жердің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймaston жер участкелерінде 2 (екі) жыл мерзімге жария сервитут белгіленсін.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес "Батсу-Водоканал" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ауыл шаруашылығы өндірісінің шығасыны бюджет кірісіне өтесін

3. "Қазығұрт ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Қазығұрт ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Қазығұрт ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.И.Нұрмановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"№ 3 участкесі" участкесінде кірпіш өндірісіне қажетті саздақты барлау үшін жария сервитут белгіленетін жер участкелері

№	Ж е р пайдалану шылар атауы	кауымдық серви ттүттың әрекет ету көлемі (гектар)	соның ішінде:				
			ауыл шаруашық мақсатындағы жерлер	оның ішінде:			
				егестік	оның ішінде: суармалы егестік	көп жылдық екпелер	шабындық
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Шанак ауыл округі	50,0					50,0

кестенің жалғасы

е л д і мекендердің жері	өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер	орман корының жері	с у корының жері	босалқы жер
10	11	12	13	14	15

Қазығұрт ауданы әкімдігінің

2018 жылғы 30 қарашадағы

№ 162 қаулысына 2-қосымша

**"№ 3 участкесі" участкесінде кірпіш өндірісіне қажетті саздақты барлау үшін жер
участкелеріне жария сервитут белгілеуден туындастырылған ауыл шаруашылығы өндірісінің
шығасы**

№	Ауылдық округтер атауы	алқаптар түрлері	кауымдық сервитут жерлердің көлемі (гектар)	ауыл шаруашылық өндірісінің шығыны (тенге)
1	Шанак ауыл округі	жайылым	50,0	220 000